

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Атырау облысы

№990440006225/260032/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жарғы атынан меңгеруші Тулеуова Айжан Жексенбаевна бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ДК "МИРАС", Свидетельство негізінде әрекет ететін Басшысы Бисенгалиева Тангашик Даулеткалиевна атынан екінші тараптан, тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі Мемлекеттік сатып алулардың қорытындылары жайлы хаттама конкурстың қорытындылары туралы 2026-03-26 жылы жасалған хаттама негізінде тауарларды жеткізу туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші техникалық тапсырманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді:

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізбесі);
- 3) техникалық тапсырма;
- 4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

1.3 Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) «Дүлей күш (форс-мажор)» - төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың нарықта болмауы жатпайды;

2) «Тапсырыс беруші» - орган немесе орта білім беру ұйымы;

3) «Өнім беруші» - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

4) «Шарт» - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

5) «Шарттың бағасы» - Тапсырыс беруші Шарттың шарттарында Өнім берушіге өзінің осы құжатта электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлейтін сома. Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік алмайды.

## **2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары**

2.1 Шарттың жалпы сомасы 3 601 074.97 (үш миллион алты жүз бір мың жетпіс төрт тенге тоқсан жеті тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Жеткізушінің есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізеді.

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауарлар көлемі техникалық тапсырмада келтірілген.

## **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде оларды бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Орауыш қандай да бір шектеулерсіз қарқынды көтергіш-көліктік өңдеуге және тасымалдау, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның әсеріне төзуі тиіс. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының болуын ескеру қажет;

3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

7) тауарларды қабылдау-табыстау актісін ресімдеу және Тапсырыс берушіге жіберуге;

8) Тапсырыс беруші тауарды(ларды) беру актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беруге міндеттенеді.



3.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауар үшін төлемді талап етуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;
- 2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 3) Тауарды қабылдау кезінде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, тауарды қабылдауға не қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді. Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші не сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;
- 4) тауарды(ларды) беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны қабылдауға;
- 5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге құқықты.

#### **4 Тауарлардың техникалық тапсырмаға, конкурстық өтінімге сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген тауарлардың конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне бақылау және тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өздерінің өкілдері туралы уақтылы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімде көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер жеткізілген тауарлар тексеру кезінде конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші тексеру сәтінен бастап 5 ж.к ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз конкурстық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру Өнім берушінің аумағында, жеткізу орнында және (немесе) тауарлардың түпкі межелі пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің аумағында өткізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті қаражат берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

#### **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге толық берген жағдайда жеткізу техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді деп есептеледі.



қабылдау-табыстау актісін Тапсырыс берушіге жіберген күні Тауарды қабылдау/табыстау күні болып есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Сатып алынатын тауарлардың тізбесіне және техникалық тапсырмаға сәйкес Тауардың жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда орауышты ашу сәтінде қандай да бір жасырын зауыттық ақаулар анықталған жағдайда немесе егер Тауардың сапасы дайындаудың техникалық шарттарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күн мерзімде жарнамалық акт жасайды, ал Өнім беруші күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде және өз есебінен Тауарды жаңасымен алмастырады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестрлеу және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта көрсетілген мерзімде өзіне тиесілі қаражатты төлемесе, онда Тапсырыс беруші кешіктірілген әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімі кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда әрбір мерзімі өткен күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

7.9 Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.10 Өнім беруші қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Жосықсыз өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес өнім берушінің міндеттемелерді бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді жосықсыз жеткізуші деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт «қол қойылған күнінен бастап» күшіне енеді және 2026-12-31 жылы әрекет етеді.

8.2 Шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде екі рет кейінгі қаржы жылдарына ұзартылады. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, қолданыстағы шартқа қосымша келісім жасалады.

8.3 Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шарттың талаптарын орындаудан кез келген уақытта біржақты тәртіппен бас тарта алады. Мұндай жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші, егер Шарт талаптарын орындаудан бас тарту Тапсырыс берушіге залал келтірмесе немесе іс-әрекеттер жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттеме алмайды.

8.4 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса, толық немесе Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



ішінара бұза алады

8.5 . Шартта мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда:

- 1) осы Шарт негізінде жасалған осы Қағидаларда көзделген шектеулерді бұзу анықталған;
- 2) ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 3) уәкілетті орган конкурс қорытындыларына (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім) ықпал еткен конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда, Шарттың кез келген уақытта бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс және міндеттемелер тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың актілеріне сәйкес 10 жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазымен шарт жасалады.

8.6 Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін. Хабарламада шартты бұзу себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетіледі. Шарттың күші жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылғанда, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін, бұзу күніне ақы төлеуді талап етуге құқылы.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт міндеттемелерінің орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен босамайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың



арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Өзге де шарттар**

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі жағдайында және басқа да жағдайларда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта көрсетілген қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермеуі жағдайында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты Шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасалған Шартты орындау процесінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында неғұрлым жақсы сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды не тауарларды жеткізу мерзімдерін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда;

3) тараптардың өзара келісімі бойынша тауарлардың бағасын және тиісінше Шарттың сомасын азайту бөлігінде жол беріледі.

12.4 Шарт бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## **13 Тараптардың деректемелері**

Тапсырыс беруші:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны  
Атырауская область, г.Атырау,  
Микрорайон БИРЛИК, Улица БЕРЕГЕН  
ЖОЛАМАНОВ, 11  
БСН 990440006225  
БСК HSBKZKX  
ЖСК KZ11601A141000466211  
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел.: 87018914100  
меңгеруші Тулеуова Айжан  
Жексенбаевна

Өнім беруші:

ДК "МИРАС"  
Атырауская область, г.Атырау,  
Баймуханова, 41/А  
БСН/ЖСН 490601402674  
БСК BRKEKZKA  
ЖСК KZ22914032204KZ03TDX  
"Bereke Bank" АҚ (Lesh Bank LLC (Public)  
еншілес банкі)  
Тел.: 87022476723  
Басшысы Бисенгалиева Тангашик  
Даулеткалиевна



Абревиатураларды таратып жазу:  
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 16608391-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>2026 қаржылық жыл</b>												
83550573-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Қызылша	балғын, асхана	Сұрыпталған, жаңа піскен қызылша – жергілікті өнім өндіру-шіден болуы шарт.Қызылша орташа көлемді, сапалы, бүлінбеген, жақсы, шіріксіз немесе нашарлаған болмауы тиіс. Таза, жарылып кетпеген, қатырылмаған отандық өндіріс. Өнім тапсырыс берушінің мекен-жайына фабрикалық ыдыста өндірісі көрсетілген заттаңба жарамдылығы мен мерзімі болуы тиіс. Өнімдерді жеткізу санитарлық паспорты бар, жабдықталған арнайы автотранспортта жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші тауар жеткізушіден қызметкердің медициналық кітапшалары, арнайы киімдері, өнімнің құжаттары болған жағдайда қабылданады.	Килограмм	500	224.14	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (500)	0	112 070.00
<b>2026 қаржылық жыл</b>												



83550692-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің №33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Қияр	консервіленген, қысқа мерзімді сақтауға арналған	2 литрлік шыны банкадағы тұздалған қияр отандық өндірушілерден болуы керек. Тұздалған маринадтар - ең жоғары сорт, отандық өндірушіден болуы керек. Осы экономикалық және ботаникалық сортқа сәйкес келетін тұтас қияр, мыжылмаған, мыжылмаған, механикалық зақымдалмаған. Дәмі мен иісі маринадталған өнімге тән, дәмі мен дәмдеуіштері бар, сыртқы дәмі мен иісі жоқ тұзды-қышқыл дәм. Түсі-түрлі реңктердегі жасыл-зәйтүн, дақтар мен күйіктер жоқ. Өнім тапсырыс берушінің мекен-жайына жарамдылық мерзімі мен өндіріс белгілері бар зауыттық ыдыстарда жеткізілуі керек. Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды.	Шартты қалбыр	280	500.00	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (280)	0	140 000.00
<b>2026 қаржылық жыл</b>												



83549886-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Томат пастасы	жоғары сұрып	Консервіленген банкадағы 900 Г жоғары сапалы томат пастасы отандық өндірушіден болуы керек.Томат пастасы-жоғары сұрыпты, біртекті концентрацияланған масса, майысқақ, консистенциясы, қара қоспасыз, тері қалдықтары, тұқымдар және өрескел таза жемістер. Түсі-қызыл, қызғылт сары-қызыл немесе қызыл , өрнектер, бүкіл массасы бойынша біркелкі. Дәмі мен иісі айқын, концентрацияланған қызанақ массасына тән, ащы, күйік және басқа да сыртқы дәм мен иіссіз. Өнім тапсырыс берушінің мекен-жайына жарамдылық мерзімі мен өндіріс белгілері бар зауыттық ыдыстарда жеткізілуі керек. Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды	Шартты қалбыр	200	868.97	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (200)	0	173 794.00
--------------	---	---------------	--------------	--	---------------	-----	--------	--	--	---	---	------------

### 2026 қаржылық жыл

83550713-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ашытқылар	наубайлық, кептірілген	Құрғақ ашытқы - жоғары сұрыпты,орамада 100гр . Сыртқы түрі - вермишельдің, түйіршіктердің, ұсақ дөңдердің, кесектердің, ұнтақтың немесе жарма тәрізді. Түсі ашық сары немесе ашық қоңыр. Иісі-ашытқыға тән, бөтен иіссіз: көгеру, шірік және т.б. дәмі - кептірілген ашытқыға тән. Өнім тапсырыс берушінің мекен-жайына жарамдылық мерзімі мен өндіріс белгілері бар зауыттық ыдыстарда жеткізілуі керек. Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды.	Дана	150	414.00	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (150)	0	62 100.00
--------------	---	-----------	------------------------	--	------	-----	--------	--	--	---	---	-----------



2026 қаржылық жыл												
83551708-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Шай	жемістік	кепкен жемістер мен жидектердің қопасы	Килограмм	6	2 758.62	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (6)	0	16 551.72
2026 қаржылық жыл												
83549615-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Қызанақ	балғын	Қызанақ - балғын, таза , бүтін , толықтай піскен, механикалық және ауыл шаруашылық зиянкестерімен зақымданбаған ,жоғары сортты. Тауарды жеткізу санитарлық паспортпен арнайы жабдықталған авто көлікпен және тамақ жеткізушінің санитарлық кітапшасы, арнайы киімі мен өнім құжаттары түгел болған жағдайда жүзеге асады. Келесі құжаттардың болуы: санитарлық кітапша, жүргізушіге арналған санитарлық пасторт, сәйкестік сертификаты. Тауар отандық өндірілген тамақ өнімдерінің 60% -на(алпыс пайызына) сәйкес келуі тиіс. Тамақ өнімдерін жеткізу мерзімі, күнделікті. Тапсырыс бір күн бұрын электронды түрде сағат 16.00 - 18.00 арлығында беріледі. Жеткізу келесі күнгі сағат 09. 00. ге дейін іске асырылады. Талапқа сай келмейтін тамақ өнімі 2 сағат ішінде ауыстырылуы тиіс.	Килограмм	80	350.00	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (80)	0	28 000.00
2026 қаржылық жыл												



83550705-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің №33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Тағамдық тұз	пісірілген, жоғары сұрып	Йодталған ас тұзы отандық өнім өндірушіден болуы шарт. Ас тұзы, йодталған, отандық өндірушіден болуы керек. Кристалды сусымалы өнім. Тұздың шығу тегіне және оны өндіру тәсіліне байланысты емес бөгде механикалық қоспалардың болуына жол берілмейді. Дәмі тұзды, сыртқы дәмі жоқ. Түсі-ақ. Иісі-бөтен иіссіз. Өнім тапсырыс берушінің мекен-жайына жарамдылық мерзімі мен өндіріс белгілері бар зауыттық ыдыстарда жеткізілуі керек. Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды	Килограмм	60	132.76	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (60)	0	7 965.60
<b>2026 қаржылық жыл</b>												



83550814-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Су	газдалмаған, ауыз су, табиғи	Ауыз су бөтелкеде 19 литр. Ауыз су тазартылған, газдалмаған, минералды емес, мөлдір. Бөтен дәмсіз, иіссіз, қоспасыз және қайнатуды қажет етпейтін. Барлық тауарлар сапалы болуы керек. Өнім беруші бөтелкедегі суды сату құқығын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады. Жеткізу орнына дейін жеткізу өнім берушінің есебінен тапсырыс берушінің қажеттілігіне қарай шарттың бүкіл қолданылуы ішінде бос ыдыстарды ауыстыра отырып жүзеге асырылады. Барлық ілеспе қызметтер, жеткізу және түсіруді жеткізуші жүзеге асырады. Тауар қатаң техникалық ерекшеліктер бойынша жеткізілуі тиіс. СТ-KZ сертификатының болуы. Жарамдылық мерзімі құю күнінен бастап кемінде 3 ай және бөтелкеде құю күнін көрсету. Жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қажеттілігіне қарай партиялармен жүзеге асырылады. Әлеуетті өнім берушілердің техникалық ерекшелікті ұсынуы міндетті! Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды.	Дана	400	500.00	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (400)	0	200 000.00
<b>2026 қаржылық жыл</b>												



83550438-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Сәбіз	балғын, таңдамалы сұрып	Сәбіз-отандық өндірушіден таңдалған, сөмкелерде, 25 кг-ға дейін жергілікті өндірушіден болуы керек. Жаңа піскен, тұтас, сау, таза, құрап қалмаған, сынбаған, тегістелмеген, өңу белгілері жоқ, ауылшаруашылық зиянкестеріне зиян келтірместен, ботаникалық сортқа тән пішін мен түске тән сыртқы ылғалдылықсыз, бірақ тамыр дақылдарының басының иығына зақым келтірілмеген. Өнім тапсырыс берушінің мекенжайына ыдыспен жеткізілуі тиіс. Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды.	Килограмм	1400	235.34	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (1400)	0	329 476.00
<b>2026 қаржылық жыл</b>												



83550681-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Кисель	жеміс/жидек сығындысынан	Жоғары сұрыпты ассортименттегі жеміс-жидек кисельдері, пакеттегі 200гр, отандық өндірушіден болуы керек. Өнімнің қауіпсіздік нормасының арақатынасы. Кисель жеміс-жидек. Сыртқы түрі мен консистенциясы-жеміс кесектері қосылған немесе онсыз біртекті желе тәрізді масса. Дәмі мен иісі- желе жасалған термиялық өңдеуден өткен жемістерге тән. Бөгде дәмі және иісі болмайды. Ерімейтін кесектердің болуына жол берілмейді. Түс-желе жасалған термиялық өңдеуден өткен жемістердің, шырпындардың, сироптардың түсіне тән. Өнім тапсырыс берушінің мекен-жайына жарамдылық мерзімі мен өндіріс белгілері бар зауыттық ыдыстарда жеткізілуі керек. Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды.	Килограмм	80	965.52	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (80)	0	77 241.60
--------------	---	--------	--------------------------	---	-----------	----	--------	--	--	--	---	--------------

**2026 қаржылық жыл**

83551668-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Лимон	балғын	Лимон орташа пішінді, нитратсыз	Килограмм	95	1 252.59	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (95)	0	118 996.05
--------------	---	-------	--------	---------------------------------	-----------	----	----------	--	--	--	---	---------------

**2026 қаржылық жыл**



83549605-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Қияр	балғын	Қияр - балғын, таза, бүтін, толықтай піскен, механикалық және ауыл шаруашылық зиянкестерімен зақымданбаған, жоғары сортты. Тауарды жеткізу санитарлық паспортпен арнайы жабдықталған авто көлікпен және тамақ жеткізушінің санитарлық кітапшасы, арнайы киімі мен өнім құжаттары түгел болған жағдайда жүзеге асады. Келесі құжаттардың болуы: санитарлық кітапша, жүргізушіге арналған санитарлық паспорт, сәйкестік сертификаты. Тауар отандық өндірілген тамақ өнімдерінің 60% -на(алпыс пайызына) сәйкес келуі тиіс. Тамақ өнімдерін жеткізу мерзімі, күнделікті. Тапсырыс бір күн бұрын электронды түрде сағат 16.00 - 18.00 арлығында беріледі. Жеткізу келесі күнгі сағат 09. 00. ге дейін іске асырылады. Талапқа сай келмейтін тамақ өнімі 2 сағат ішінде ауыстырылуы тиіс.	Килограмм	80	350.00	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (80)	0	28 000.00
--------------	---	------	--------	--	-----------	----	--------	--	--	--	---	-----------

#### 2026 қаржылық жыл

83549915-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Май	тәтті кілегейлі	Сары май 40-49% жоғары сұрыпты, қораптағы 5 кг, отандық өндірушіден. Тәтті-сары май. Сыртқы дәмі мен иісі жоқ айқын кремді және пастерлеу дәмі. Тығыз, пластикалық. Кесілген беті жылтыр, құрғақ көрінеді. Ылғалдың кішкентай тамшылары бар сәл жылтыр немесе құңгірт бетке рұқсат етіледі. Түсі-ашық сарыдан сарыға дейін, бүкіл массада біркелкі. Өнім тапсырыс берушінің мекен-жайына жарамдылық мерзімі мен өндіріс белгілері бар зауыттық ыдыстарда жеткізілуі керек. Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды.	Килограмм	450	1 000.00	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берген Жоламанов көшесі 11 (450)	0	450 000.00
--------------	---	-----	-----------------	---	-----------	-----	----------	--	--	---	---	------------

#### 2026 қаржылық жыл



83549871-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Макарон өнімдері	макарондар, бидай ұнынан жасалған, жоғары сұрып	Үй кеспесі 250гр , жоғары сұрыпты ұннан жасалған. Жергілікті өндірушіден. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды.	Дана	500	500.00	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берен Жоламанов көшесі 11 (500)	0	250 000.00
--------------	---	------------------	---	---	------	-----	--------	--	--	--	---	------------

### 2026 қаржылық жыл

83549965-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Картоп	балғын, азық-түліктік	Картоп-таңдаулы, отандық өнім, 25 кг-ға дейінгі сөмкелерде таңдалған. тұтас, таза, жаңа, сау, қабығымен жабылған, ботаникалық сортқа тән формасы мен түсі, құрап қалмаған, ауылшаруашылық зиянкестерімен зақымдалмаған, шамадан тыс сыртқы ылғалдылықсыз, жасылданбаған, жылу әсерінен пайда болған. Қоңыр дақтарсыз. Өнім тапсырыс берушінің мекенжайына ыдыспен жеткізілуі тиіс. Өнімді жеткізу санитарлық паспорты бар жабдықталған арнайы автокөлікте жүзеге асырылады. Өнім берушінің тауарын тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды	Килограмм	6000	234.48	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берен Жоламанов көшесі 11 (6000)	0	1 406 880.00
--------------	---	--------	-----------------------	--	-----------	------	--------	--	--	---	---	--------------

### 2026 қаржылық жыл

83551378-ОИЗ	«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Макарон өнімдері	кеспе, бидай ұнынан жасалған, жоғары сұрып	Бешбармакка арналған жайма - қатты бидай ұнынан, 250гр, қаптамада, отандық өндіріс. Өнімнің қауіпсіздік нормасының арақатынасы. Жергілікті өндірушіден. Өнім берушінің тауарын Тапсырыс беруші тауарды жеткізетін қызметкерде медициналық кітапшасы, арнайы киімі және өнімге арналған құжаттары болған кезде қабылдайды.	Бір буда	400	500.00	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.	Атырау облысы, Атырау қ. Берен Жоламанов көшесі 11 (400)	0	200 000.00
--------------	---	------------------	--	---	----------	-----	--------	--	--	--	---	------------



## Договор о поставке товаров

Атырауская область

№990440006225/260032/00

Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад №33 «Көркемай» отдела образования города Атырау Управления образования Атырауской области», именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице заведующий Тулеуова Айжан Жексенбаевна, действующий на основании Устава, с одной стороны и ИП "МИРАС", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», в лице Руководитель Бисенгалиева Тангашик Даулеткалиевна, действующего на основании Свидетельство, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Итоговый протокол о проведении государственных закупок конкурса по выбору поставщика товаров, состоявшегося 2026-03-26 заключили настоящий договор о поставке товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в техническом задании, являющимся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору:

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень приобретаемых товаров;
- 3) техническое задание;
- 4) обеспечение исполнения Договора.

1.3 В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

